



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

32 ЖЫЛ КҮТКЕН ЖҮЛДЕ



Италияда өтіп жатқан XXV қысқы Олимпиада ойындарында еліміз асыға күткен тарихи оқиға тіркелді. Мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров 291,58 ұпай жинап, алтын медальға ие болды. Елімізді төрткүл дүниеге мәшһүр еткен спортшыны Мемлекет басшысы да құттықтап, II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау туралы шешімін жариялады.

(Жалғасы 2-бетте)

КОНСТИТУЦИЯ: ШІКІР, ҰСЫНЫС, ТАЛҚЫ

РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУГЕ ЖҰМСАЛАТЫН ҚАРЖЫ – 20,8 МЛРД ТЕҢГЕ

2026 жылғы 15 наурызда Қазақстанда кезекті референдум өтіп, халық жаңа Конституцияны қабылдауға қатысты дауыс береді. Бұл – Қасым-Жомарт Тоқаев президент болғалы өткізіліп отырған үшінші референдум.

Еске салсақ, 2022 жылы ел Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша референдум өтсе, 2024 жылы халық атом электр станциясын салуға қатысты дауыс берді. Ал 2026 жылы өтетін референдумды өткізуге алдын ала есептелген шығын – 20,8 млрд теңгені құрап отыр. Бұл шығынның 75%-ы сайлау учаскелеріндегі комиссия мүшелерінің еңбек-ақысын төлеуге жұмсалмақ. Мұндай қаражат 2026 жылғы республикалық бюджетте қарастырылмағандықтан, керекті теңге үкімет резервінен бөлінеді.

Конституциядағы жаңалықтар мен өзгерістерді халыққа таныстырып, түсіндіру мақсатында «Заң газеті» ел алдында жүрген азаматтардың пікірін жариялауды жалғастырады.

1993 жылғы Конституцияда биліктің тепе-теңдігі күшті еді.

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын мұқият оқып шықтым. Оны 1993 жылғы, 1995 жылғы Конституциялармен және кейінгі референдумдағы өзгерістермен салыстырдым. Мұндағы халықты толғандыратыны – тіл мен жер мәселесі. Әрине, жобаның жақсы жақтары да бар. Ұлы даланың тарихына, Әділетті Қазақстанға, әдебиет, мәдениет, білім және ғылымға стратегиялық мән беріліп отыр. Жобаға қатысты мен 9 ұсыныс жасадым.

Біріншісі, преамбуладағы «мың жылдық» деген сөзді «мыңдаған жылдық» деп өзгерту туралы болатын. Ол қабылданды.

Екіншісі, 3-баптың «Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды» деген 2-тармағын «мемле-

кет білім берудің, ғылым мен мәдениеттің басым дамытылуын қамтамасыз етеді» деп өзгертуді ұсынғам. Алайда ол өзгеріссіз қалды. Жобадағы нұсқа жалпылама дұрыс сияқты көрінгенімен, бірақ бұл формулировка ештеңе бермейді. Себебі, бізде стратегиялық бағытқа біраз салалар жатады. Ертен бағдарламаларды, бюджетті қарағанда білімге, ғылымға, жалпылама айтқанда адам капиталына басымдық бере алмайсыз. 2-тармақ осы мәтінде болғанда Үкімет, Парламент, Халық Кеңесі тікелей басымдық беріп қолдайды, қаржыландыруды көтереді. Бұл формулировка 1-Конституцияда жұмыс тобының мүшесі ретінде менің ұсынысыммен кірген болатын (24-бап). Алайда 1995 жылғы Конституцияда ол алынып тасталды. Соның салдарынан, әсіресе ғылым мен білім саласы құлдырап кетті. Бір-ақ мысал. Сол кезде ғылымға басымдық беріліп бөлінген қаржы ЖІӨ-нің 0,68% құрайтын еді, 30 жылда ол 0,12% түсті.

Үшінші, Конституция преамбуласына: «Қазақстан мемлекетінде Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап, ежелден келе жатқан рухани, мәдени-тарихи құндылықтарымыз бәрінен де жоғары тұрады», – деп жазуды ұсынғам. Бұл біздің келешекте жасанды интеллект, тағы басқа жоғары технологияның үстемдігінде кетпей, рухы жоғары, биоэтиканы сақтаған ел болуымызға негіз болады. Алдымызда интегралды қоғам, гуманитарлы ноосфералық өркеніет күтілуде, біз соған қадам басуымыз үшін Конституцияда стратегиялық құндылықтар тұру керек.

(Жалғасы 5-бетте)

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ МІНДЕТІ – ІСТЕРДІ ӘДІЛ, БЕЙТАРАП, УАҚЫТЫЛЫ ШЕШУ

Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу ӘРПК-нің 2-тарауында баяндалған қағидаттар негізінде жүзеге асырылады. Аталған тарауда белгіленген әкімшілік рәсімдердің қағидаттары түпкілікті болып табылмайды және құқықтың басқа да қағидаттарын қолдануға келдергі болмайды.

Азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттары, егер бұл осы тарауда баяндалған қағидаттарға қайшы келмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде қолданылады.

Әкімшілік рәсімдерінің міндеттері мыналар: жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыру; жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу; тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, яғни, адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету және жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту.

Кодексте 12 қағидат қаралған, атап айтқанда олар:

- 7-бап. Заңдылық қағидаты.
- 8-бап. Әділдік қағидаты.
- 9-бап. Құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау.
- 10-бап. Мөлшерлестік.
- 11-бап. Әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері.
- 12-бап. Құқықтар басымдығының қағидаты.
- 13-бап. Сенім құқығын қорғау.
- 14-бап. Формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу.
- 15-бап. Анықтық презумпциясы.

3-БЕТ



Әр кезектің артында бір отбасының үміті тұр

6-БЕТ



Әскерден жалтары – ҚЫЛМЫС

8-БЕТ



Қарбыз дәмі

(Жалғасы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

32 ЖЫЛ КҮТКЕН ЖҮЛДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл Қазақстан құрамасының мәнерлеп сырғанау спортынан қысқы Олимпиада ойындарындағы екінші жүлдесі. Бұған дейін отандасымыз Денис Тен 2014 жылы Ресейде өткен байрақты бәсекеде қола жүлдегер атанған болатын. Сол кезде бұл жетістікті кейбір спорт мамандары кездейсоқ жағдай ретінде бағалап, Қазақстанның спорттың бұл түрінен әлемде үздіктер қатарында бұрын болмағанын алға тартқан еді. Араға 12 жыл салып Михаил Шайдаров қоланы алтынға айналдырып отыр.

Екі спортшы да шетелдік легионер емес, өз елімізде дүниге келіп, спорттағы бүкіл жетістігіне Қазақстанда қол жеткізгенін мақтанышпен айтуға болады. Бұған дейін алынбас қамал, қол жеткізбес асудай көрініп келген Олимпиада алтынын иелену арқылы Қазақстан мәнерлеп сырғанаудан әлемде көшбасшылар қатарына сенімді түрде қосылып отыр. Өйткені Михаил Шайдаров биыл 3 айналым аксел+ойлер+4 айналым сальхов секірген әлемдегі ең алғашқы мәнерлеп сырғанаушы ретінде тарихты жаңартты. Оған дейін Олимпиадада жүлде алмаса да отандасымыз Элизавет Тұрсынбаева әйелдер арасында халақаралық жарыста 4 айналым сальхов жасаған мәнерлеп сырғанаушы ретінде тарихқа енген болатын. Сондай-ақ Қазақстан ерлер арасында мәнерлеп сырғанаудан жекелей сында қысқы Олимпиада ойындарында жүлде алған елдер арасында 10-орыннан 9-орынға көтеріліп отыр.

XXV қысқы Олимпиадада мәнерлеп сырғанаудан 5 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Қазақстан атынан мәнерлеп сырғанаудан жекелей сында ерлер арасында – 1, әйелдер арасында – 1 спортшы қатысады. Енді 17, 19 ақпан күндері қысқа және еркін бағдарлама бойынша Софья Самоделькина өнер көрсетпек. Ол жарысты қысқа бағдарламада үшінші топта Швейцария, Польша, Оңтүстік Корея (2), Франция спортшыларымен бірге бастайды. Бұл сыңға 22 елден 29 спортшы қатысады.

«Ерім деген ел болмаса, елім деген ер қайдан тусын» дегендей Қазақстан Олимпиада ойындарында ел намысын қорғап, үздік нәтиже көрсеткен спортшыларға қомақты сыйақы тағайындап отыр. Атап айтқанда, Олимпиада чемпионына 250 мың АҚШ доллары, күміс жүлдегерге 150 мың АҚШ доллары, қола жүлдегерге 75 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақы тағайындаған. 4-6 орын алғандар да сыйақысыз қалмайды. Оларға – 30 мың, 10 мың, 5 мың доллардан берілетін болады.

Қазіргі таңда Қазақстан құрамасы XXV қысқы Олимпиада ойындары кезінде жүлдеге ие болған 25 елдің арасында 17-орында тұр. Егер бұл байрақты бәсекенің 22 ақпанға дейін созылатынын және ел қоржынына медаль салуға әлеуетті спортшылардың барын ескерсек, үздік жиырмалықта қалуға толық мүмкіндік бар.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

БАҚЫЛАУСЫЗ БАЛА БЕТІМЕН КЕТЕДІ

Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың көбеюі маңызды әлеуметтік мәселенің бірі. Жасөспірім – әлі толық қалыптаспаған, психологиялық тұрғыдан тұрақсыз, сыртқы орта әсеріне бейім тұлға. Сондықтан олардың құқыққа қарсы әрекеттеріне баруы көбіне тәрбиелік, әлеуметтік және психологиялық факторларға байланысты болады.

Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылық жасауына әсер ететін басты фактор – ол отбасы. Отбасындағы тәрбиенің әлсіреуі, ата-ананың баланың мінез-құлқына немқұрайлы қарауы, тұрмыстық жанжалдар жасөспірімнің теріс жолға түсуіне ықпал етеді. Әсіресе, толық емес немесе әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларда бұл қауіп жоғары болады.

Екінші маңызды себеп – әлеуметтік орта. Құрдастар арасындағы белделге ұмтылу, теріс топтардың ықпалы, көшедегі бақылаусыз жүру жасөспірімді қылмысқа баруына итермелеуі мүмкін. Сонымен қатар, интернет пен әлеуметтік желілердегі зорлық-зомбылықты насихаттайтын контент те жас сананың қалыптасуына кері әсер етеді.

Үшінші фактор – құқықтық сауаттың төмендігі. Кейбір жасөспірімдер өз әрекеттерінің құқықтық салдарын толық түсінбейді. Қылмыстық жауаптылықтың басталу жасы мен жазаның түрлері туралы ақпараттың жеткіліксіздігі де мәселені ушықтырады.

Жіні кездесетін құқықбұзушылықтар – статистикада көрсеткендей, кәмелетке толмағандар арасында көбіне ұрлық, бұзақылық, тонау, денсаулыққа қасақана зиян келтіру және есірткіге қатысты құқықбұзушылықтар жиі кездеседі. Қылмыстардың көпшілігі алдын ала жоспарланбай, эмоциялық күйде немесе топтық ықпалмен жасалады. Мәселені шешу үшін кешенді тәсіл қажет. Ол үшін ең алдымен отбасы институтын нығайту маңызды. Ата-аналар баламен ашық қарым-қатынасты орнатып, оның ортасын, қызығушылығын бақылап отыруы тиіс.

Мектептерде құқықтық тәрбие сабақтарын күшейту қажет. Сонымен бірге психологтардың жұмысын жандандырып, спорттық және мәдени үйірмелерді дамыту қажет. Жасөспірімнің бос уақытын тиімді ұйымдастыру –



А.САБЫРОВ,
Қызылорда облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

құқықбұзушылықтың алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі. Сондай-ақ, ювеналдық полициясы және әлеуметтік қызметкерлер мен білім беру ұйымдары бірлесіп жұмыс жасағанда ғана нақты нәтиже болады.

Қорытындылай келсек, кәмелетке толмағандардың қылмысы – тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Әрбір бала – мемлекетіміздің болашағы. Сол үшін жасөспірімдерді дұрыс тәрбиелеу, оларға қолдау көрсету және құқықтық санасын қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз. Қоғам болып бірлескен жағдайда ғана бұл мәселенің алдын алуға болады.

2025 жылғы 16 шілдеде «Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойылды. Заң 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді, ал қатарлас қаржылық тергеп-тексеруге қатысты ережелер 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

тасталды, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды және жазаны ауыстыруды қолдану шарттары қатаңдатылды, соттылықты өтеу мерзімі ұлғайтылды.

Санкциясында тек өмір бойына бас бостандығынан айыру көзделген

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ПРОЦЕСТІК КЕПІЛДІКТІ КҮШЕЙТЕДІ



жағдайларда жаза тағайындауды реттеудегі олқылықтың жойылуы ерекше назар аударуға лайық. Жекелеген санаттағы адамдар үшін нақты бас бостандығынан айыру мерзімдерін енгізу бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Процестік жаңалықтар және олардың құқық қолдану үшін маңызы

Қылмыстық-процестік кодекске елеулі түзетулер енгізілді. Кәсіпкерлікті қылмыстық процеске негізсіз тартудан қорғау мақсатында расталған залал белгілері болмаған немесе азаматтық-құқықтық дау бар болған жағдайда қылмыстық істерді тіркеу алынып тасталды. Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ревизиялар мен тексерулерді прокурормен міндетті түрде келісу шаруашылық қызметке араласу үстінен прокурорлық бақылауды күшейтеді.

Қорғауға құқығы бар куәнің процестік кепілдіктері кеңейтілді, оның ішінде адвокатпен қамтамасыз ету және алғашқы процестік әрекеттен бастап құқықтарын түсіндіру көзделген. Қылмыстық қудалау үшін негіздер болмаған кезде жеке қаулы енгізу адамның құқықтық мәртебесінің айқын еместігі тәуекелін төмендетеді.

Сот талқылауы басталғанға дейін қорғаушыға өз құқықтық ұстанымын және дәлелдемелерін ұсынуға мүмкіндік беретін қорғау актісі институтын енгізу жарыспалылықты арттыру бағытындағы маңызды қадам болып табылады.

Іс жүргізуді оңтайландыруға елеулі бұзушылық негізінде сотпен қайтарылған істерді прокурордың қосымша тергеуге қайтаруына тыйым салу, сондай-ақ тіпті мен алу жүргізудің ақылға қонымды мерзімдерін белгілеу ықпал етеді. Бұл нормалар тергеу органдарын сотқа дейінгі тергеп-тексерудің сапасын арттыруға бағдарлайды және дәлелдемелердің заңды алынуына қатысты сот бақылауын күшейтеді.

Қабылданған заң құқық қолдану практикасының жаңа бағдарларын қалыптастырып, дәлелдеудің сапасына қойылатын талаптарды арттырады, қылмыстық процеске қатысушыларының процестік кепілдіктерін күшейтеді және сот шешімдерінің болжамдылығын қамтамасыз етеді. Өзгерістердің кешенді сипаты Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасын жария және жеке мүдделер теңгеріміне бағытталғанын айғақтайды.

Ғ. МҰҚАНОВ,
ҚР Бас прокурорының көмекшісі

Қабылданған түзетулер кешенді сипатқа ие және қылмыстық әрі қылмыстық-процестік заңнаманы қамтиды. Бұл олардың соттардың, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының және адвокатураның құқық қолдану тәжірибесі үшін маңыздылығын айқындайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жаңа құрамдары және оларды қолдану тәжірибесі

ҚК-нің Ерекше бөлігіне әлеуметтік қауіпті мінез-құлқтың алдын алуға және қылмыстың жаңа түрлерінің жолын кесуге бағытталған бес жаңа қылмыстық құқық бұзушылық құрамы енгізілді.

Сталкинг үшін қылмыстық жауаптылықты енгізу (ҚК-нің 115-1-бабы) жанжалдың күш қолдану сипатындағы қылмысқа ұласпауының алдын алуға, адамның жеке өмірін қорғауға бағытталған. Практикалық тұрғыдан алғанда, елеулі зиянды дәлелдеу қажеттілігі негізгі элемент болып табылады, бұл сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарынан жәбірленуші үшін салдардың нақты әрі маңызды екенін растайтын объективті деректерді жинауды талап етеді.

Дропперлік үшін жауаптылықты белгілейтін ҚК-нің 232-1-бабы қылмыстық кірістерді қолма-қол ақшаға айналдыру және заңдастыру арналарының жолын кесуге бағытталған. Аталған норманы қолдану тәжірибесі дропперліктің дербес құрамын ала-яқтыққа немесе өзге де экономика-

лық қылмыстарға сыбайлас қатысудан нақты ажыратуды талап етеді. Мүлкікті тәркілеу міндетті қосымша жаза ретінде көзделгендіктен, ақша қаражатына уақытылы тыйым салу шараларын қабылдау айрықша маңызға ие.

ҚК-нің 125-1-бабын енгізу әйелдерді некеге тұру мақсатында алып қашу фактілері бойынша қылмыстық істерді тоқтатуға құқықтық алғышарттарды жойды. Құқық қолдану тәжірибесінде мұндай әрекеттер заңсыз бас бостандығынан айыру және мәжбүрлеу белгілері болған жағдайда ҚК-нің 125 және 125-1-баптарының жиынтығы бойынша саралануға жатады.

Әуе кемесін басқаруға кедергі келтіргені үшін (ҚК-нің 352-1-бабы) және сирек кездесетін әрі жойылып бара жатқан түрлердің бөліктері мен дериваттарын заңсыз айналымға түсіргені үшін (ҚК-нің 339-1-бабы) жауаптылықты енгізу де практика үшін маңызды болып табылады. Бұл қылмыстық жауаптылықты саралауды қамтамасыз етеді және заңның кері күші қағидатын қолдануға мүмкіндік береді.

Жауаптылықты күшейту және жазаларды саралау

ҚК-нің Жалпы бөлігіне енгізілген түзетулер адам өмірі мен денсаулығына қарсы ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін жаза тағайындау кезінде соттың қалауын шектеуге бағытталған. Қасақана адам өлтіргені үшін ең төменгі шектен төмен жаза тағайындау мүмкіндігі алынып

СОТ ІС ҚАРАДЫ

МАС ЖҮРГІЗУШІГЕ ЖАЗА ҚАТАЛ

Глубокоө аудандық сотында М. деген азаматқа қатысты ӘҚБтК 608-бабының 1-бөлігімен іс қаралды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген «Жол жүрісі қағидаларының» 2.12.2 тармағына сәйкес, жүргізушіге масаң күйде (алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық), реакциясын және назар аударуын нашарлататын дәрілік препараттардың әсерімен, жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін сырқат немесе шаршаулы күйде көлік құралын басқаруға тыйым салынады.

Жүргізуші өзінің кінәсін толық мойындаған. Бұған қоса оның кінәсі әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, медициналық куәландыру қорытындысымен, лауазым несінің баянатымен және басқа құжаттармен нақты дәлелденді.

Әкімшілік жаза түрі мен мөлшерін айқындау бары-

сында сот ӘҚБтК-нің 40-бабы 2-бөлігінің, 55-бабының талаптарын басшылыққа алды. Яғни, әкімшілік жаза құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылатыны белгілі. Сондай-ақ әкімшілік жаза әділ, құқық бұзушылықтың сипатына, оның жасалу мән-жайларына, құқық бұзушының жеке басына сай келетін болуы тиіс. Осы қағидаларды басшылыққа ала отырып сот жүргізушіні ӘҚБтК-нің 608-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартып, 15 тәулікке қамаққа алу және 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырды.

Қаулы заңды күшіне енген жоқ.

Н.НУРЛАНОВА,
Глубокоө аудандық сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Былтыр мамыр айынан бастап баспана алуға кезекке тұрған бел азаматтарының дерегі жергілікті әкімдіктерден «Отбасы банкіне» өтіп, бұл құрылым тұрғын үйдің кезегі мен есебін жасайтын, пәтерлерді бөлетін ұлттық даму институты болып қайта құрылған еді. База деректерін кезең-кезеңімен тексеріп шыққан банк біраз жайттың бетін ашқан.

ӘР КЕЗЕКТІҢ АРТЫНДА БІР ОТБАСЫНЫҢ ҮМІТІ ТҰР



2025 жылы елімізде тұрғын үй саясатын реформалауға бағытталған жаңа заң күшіне енгені белгілі. Оның басты мақсаты – мемлекет есебінен жалға берілетін және жеңілдетілген ипотекалық несиемен рәсімделетін баспаналардың «бармақ басты, көз қысты» әрекеттердің жетегінде кетпей, оған шынымен мұқтаж жандардың арасында әділ бөлінуін қамтамасыз ету. Зандық тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар арасында баспананы бөлу тетігінен басқа, осы саланы толық цифрландыру, ақпараттық жүйелерді жаңғырту, оның электрондық базасын қалыптастыру сынды мәселелерге маңыз берілді. «Отбасы банкке» жергілікті органдар 640 мыңнан астам кезекте тұрған адамның деректерін жолдаған. Олардың әрқайсысын жіті қарап, тиісті талаптарға сәйкестігін тексерген ұлттық институт біраз оқылғық тапқан.

Атап айтқанда, қағаз есептен электрондық есепке өткен кезде кейбір деректер жоғалып кеткен. Баспанаға мұқтаж ретінде есепте тұрған кей азамат мекенжайын басқа өңірге ауыстырғаны белгілі болған. Сондай-ақ отбасы құрамын тіркеген кезде кеткен қателіктер мен әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға, олардың заңды өкілдеріне қатысты мәселелер де жетерлік. База деректеріне жүргізілген талдаманы саралай келе, «Отбасы банк» азаматтардың құқы қорғау, оларды тұрғын үй кезегінен негізсіз шығармас үшін бірнеше шешім қабылдапты.

Оның біріншісі әлеуметтік осал топтар, соның ішінде жетім балаларға қатысты болды. «Мектеп бітіргеннен кейін жетім балалар көбіне басқа қалаға оқуға несиемен

Енді пәтерге немесе үйде шағын үлесі барлар мемлекет тарапынан берілетін пәтерге кезекке тұра алады, оларды ешкім де кезектен ысыра алмайды. Яғни, биыл ақпаннан бастап, үлестің болуы тұрғын үй кезегіне тұрғыға кезегі емес. Кезекте тұрғандар үлесі болса да, жалға берілетін тұрғын үй немесе жеңілдетілген ипотека ала алады.

жұмысқа кетіп, тіркеуін өзгертеді, кейде тіпті уақытша тіркеусіз қалатын кездері болады. Осындай жағдайда оларға «тұрғын үй бөлінбейді» немесе «мүмкін емес» деген жауаптар беріліп отырған. Осыған байланысты біз мынадай шешім қабылдап отырмыз: енді бұл санаттағы азаматтар тұрғын үй алуға қай өңірде кезекке тұрса, сол өңірден баспананы бола алады. Тіркелген мекенжайы маңызды емес», – дейді «Отбасы банк» басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова. Кейбіреулерде еке-шешесінен мұра болып қалған немесе жекешелендірілген үйде үлесі болады. Мұндай азаматтар бұған дейін баспана кезегіне тұру құқынан қағылып келді.

Енді пәтерде немесе үйде шағын үлесі барлар мемлекет тарапынан берілетін пәтерге кезекке тұра алады, оларды ешкім де кезектен ысыра алмайды. Яғни, биыл ақпаннан бастап, үлестің болуы тұрғын үй кезегіне тұруға кедергі емес. Кезекте тұрғандар үлесі болса да, жалға берілетін тұрғын үй немесе жеңілдетілген ипотека ала алады. Бірақ «Отбасы банк» мамандары үлес пен бірлескен меншік ұғымын шатастырмау керектігін ескертті. Үлестік меншік дегеніміз – тұрғын үйдің белгілі бір бөлігіне ие болу. Мысалы, пәтердің төрттен бір бөлігі болуы мүмкін. Қалғаны сол отбасының басқа мүшелеріне тиесілі. Ал бірлескен меншік – некеге тұрған кезде сатып алынған жылжымайтын мүлік. Бұл

пәтер әйелінің не күйеуінің атында болса, онда екінші жақ автоматты түрде сол үйдің иесі болып есептеледі де ол мемлекеттік бағдарламаларға қатыса алмайды. Бұрынғы тәртіп бойынша кезекте тұрғандарға мемлекет тарапынан үй беріліп, ол

адам кредиттік немесе жалға берілетін тұрғын үйден бас тартса, онда жүйе оны кейінгі 5 жылда тұрғын үйі бар деп есептеп, тұрғын үйге тіркеу мәртебесін тоқтатады. Ал қазіргі жаңа ереже негізінде әлгі үй берілген адам шынымен сол баспанада тұрмағаны дәлелденсе, онда қайтадан кезекке тұрып, мемлекеттік үйге қол жеткізе алады. Ол үшін қолында әкімдікпен жасалған келісімді ресми түрде бұзу туралы құжат болуы керек. Бақша шаруашылығына арналған үйі бар адамдарға да жеңілдік беріліп отыр. Жаңа тәртіп бойынша олар да жеңілдікпен берілетін баспанаға үмітті бола алады.

«Отбасы банк» мамандары база деректерінде көптеген қателік кеткенін алға тартты. Мысалы, қамқоршыларды тәрбиеленушілермен ауыстырған, ата-аналардың

орнына бала жазылып кеткен. «Құжаттағы қателерді өтініш жазып немесе әкімдік хатымен, сот шешімімен түзеу керек. Кейбір деректерде отбасының құрамында бөтен адамдар көрсетілгенін анықтадық. Кезекте тұрғандар жүйеде туысы емес адамды отбасы мүшесі ретінде тіркеген. Мұндай азаматтар арыз бен растайтын құжаттары бойынша отбасы құрамынан шығарылады. Тұрғын үйді ескірген деректер бойынша бөлу жағдайлары да кездесті. Мысалы, шын мәнінде жоқ отбасыларға пәтер бөлінген. Соның салдарынан одан кейін тұрған азамат кезегін ұзақ күтіп қалған. Сондықтан жалға берілетін немесе жеңілдетілген ипотекалық үй құжаттары түгел, деректері жаңартылған адамдарға ғана бөлінеді», – дейді банк мамандары.

«Отбасы банк» барлық қабылданған шешім Қазақстан заңнамасы шеңберінде жүзеге асатынына сенім білдірді. «Кезектегі әр жазбаның артында отбасының өмірі, үміті тұрғанын жақсы түсінеміз. Біздің міндет – әр жағдайды әділ бағалау. Бұрын жүйеде қателік болса, оны бүгін түзетуіміз керек. «Отбасы банк» халықтың мұң-мұқтажын естіп отыр және ел тұрғындарының өмірін нақты жақсартатын шешімдер қабылдауын жалғастырады», – деді Л.Ибрагимова.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЕЛЕС

Қазақстан экономикасы жаңа инвестициялық кезеңге қадам басты. Мұны Парламент Сенатында айтылған өңгіме айқын аңғартты. Жоғарғы палатаның Қаржы және бюджет комитетінде «Жаңа инвестициялық циклды бастау. Инвестициялық ахуалды жетілдіру» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Жиында Қасым-Жомарт Тоқаевтың кеңейтілген Үкімет отырысында және Қазақстан халқына жолдауларында берген тапсырмаларын іске асыру тетіктері талқыланды. Яғни, Мемлекет басшысының инвестициялық саясатты қайта жаңғыртуға бағытталған тапсырмалары сараланып, капитал тартудың сапалық моделіне көшу, өңдеу секторын күшейту және бюрократиялық кедергілерді қысқарту мәселелері күн тәртібіне қойылды.

Негізгі басымдық – инвестициялық саясатты «қайта жүктеу», мемлекеттік органдардың үйлесімін күшейту және капитал тартудың жаңа тәсілдерін қалыптастыру. Комитет төрағасы Сұлтанбек Мәкежановтың айтуынша, инвестиция көлемін арттыру бағытындағы шаралар ширатуы қажет етеді. Бұл орайда олардың құрылымын өзгерту өте өзекті. Нақтырақ айтқанда, қосылған құны жоғары, технологиялық әлеуеті бар, өңірлерге нақты қайтарым әкелетін жобалар қажет. Бұл ұстаным инвестициялық саясаттың сандық көрсеткіштен сапалық нәтижеге көшуін білдіреді. Яғни, қысқа мерзімдік капитал емес, ұзақ мерзімді экономикалық әсер маңызды.

Ұлттық экономика министрлігі өкілдері 2030 жылға дейінгі Инвестициялық саясат тұжырымдамасы мен оған ілесіп іске асырылатын жоспары қабылданғанын мәлімдеді. Олардың айтуынша, құжат 83 нақты шараны қамтиды. Мұнда жоспарға сәйкес инвестиция тартудың сыртқы контуры күшейтіледі. Мәселен, «Бір терезе» қағидаты бойынша «Kazakhstan Investment House» бірыңғай орталығы құрылады. Ірі жобаларды даярлауға арналған инвестициялық қызмет «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі жанынан іске қосылады.

Сыртқы істер министрлігі өкілдерінің берген ақпаратынан түйгеніміз, инвестициялық жобалардың пулын қалыптастыру жұмысы жүріп жатыр. Бұл бағыттағы басым секторлар – өңдеу өнеркәсібі, жоғары технологиялар және инфрақұрылым болмақ. Сонымен бірге инвесторлар географиясын әртараптырау, жобаларды сүйемелдеу және әкімшілік тосқауылдарды азайту мәселесі шешімін күтіп тұр.

Талқылау барысында мемлекеттік басқару тиімділігінің жеткіліксіздігі, орталық және жергілікті органдар арасындағы үйлесімнің әлсіздігі, жобаларды қарау мерзімдерінің ұзақтығы, келісу рәсімдерінің шамадан тыс бюрократияландырылуы секілді түйткілдер ортаға салынды. Бұл ретте келісу рәсімдерінің жылдамдығына айрықша маңыз беру қажет секілді. Егер рәсімдер күрделі әрі ұзақ болса, капитал икемдірек нарықтарды таңдайтыны белгілі.

Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары аясында өңдеу өнеркәсібіне инвестиция тарту негізгі бағыт ретінде белгіленіп отыр. Бұл тұрғыда басым секторларды айқындау, жоғары технологиялық инвесторларға преференциялар беру, ірі жеке бастамаларды мемлекеттік инвестициялармен тең қолдау, орта және шағын инвесторларға тең жағдай жасау және экономикалық маңызы жоғары жобаларға прагматикалық салықтық ынталандыру тетіктерін енгізу көзделуде.

Жаңа инвестициялық цикл – декларация емес, нақты құрылымдық өзгерістер кезеңі. Оның нәтижелі болуы – қабылданған тұжырымдамалар мен жоспарлардың қағаз жүзінде қалмай, іс жүзінде орындалуына байланысты. Инвестициялық саясаттағы үйлесім, жауапкершілік және ашықтық нақты жобалармен, жаңа өндірістермен, жұмыс орындарымен өлшенуі тиіс. Өңдеу секторында технологиялық серпін жасалмайынша және әкімшілік кедергілер түбегейлі қысқартылмайынша, жаңа цикл толыққанды іске асты деу қиын.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Мал ұрлығы тіршілігі төрт түлікке байланған ауыл тұрғындары үшін ердайым басты мәселе болып отыр. Сондықтан мал ұрлығына қарсы күресте кешенді ұйымдастырушылық, профилактикалық және жедел-ізвестіру іс-шаралары полиция жұмысының қызметін бағалауда негізгі өлшемнің қатарында тұр. Сол себепті оған Ішкі істер министрлігінің ұрлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024–2026 жылдарға арналған бағдарламасында да ерекше назар аударылады.

ҚАЙТҚАН МАЛДА ҚАЙЫР БАР

Жамбыл облысында 224 220 жылқы, 484 677 ірі қара, 3 725 212 ұсақ мал мен 8 846 түйе тіркелген. Облыстық полиция департаментінің Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Нұрым Шариповтың айтуынша, қабылданған іс-шаралардың нәтижесінде соңғы жылдары өңірде мал ұрлығының саны азаюда. Мысалы 2022–2025 жылдары ол 10,5 пайызға төмендесе, қылмыстың ашылуы 52,6-дан 66,3 пайызға жақсарды. Жайлаудағы малдың жоғалуы көп жағдайда иелерінің малды ұзақ уақыт бойы қараусыз қалдыруынан орын алады. Былтыр тіркелген мал ұрлықтарының 74,1 пайызында осы жағдай түрткі болған.

«Полиция 2025 жылы мал ұрлығын жасағаны үшін 74 тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тартты. Соның ішінде мал ұрлығымен кәсіби түрде айналысып жүрген 47 адамнан тұратын

18 қылмыстық топ әшкереленіп, ұрланған малдың 72 пайызы және келтірілген 271,5 млн теңге шығынның 166 млн-ы қайтарылды», – дейді Нұрым Болатұлы.

Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілінің айтуынша, мал ұрлығының алдын алуға профилактикалық жұмыс облыста 5 бағытта жүргізілуде. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру бойынша мал иелері барлық шараларды сақтауға міндетті. Соның ішінде малды қараусыз қалдырмау, мал ұсталатын орындары техникалық тұрғыда нығайту және бақылау-қадағалау үшін техникалық құралдарды пайдалану қажет. Мысалы, GPS-құрылғылар мен сәйкестендіру чиптерін қолданудың арқасында Жуалы ауданының полиция қызметкерлері жайылымнан ірі қара малдың ұрлану фактісін уақытылы анықтады. Түнгі



уақытта және ауа райының қолайсыз жағдайында алынған деректер көршілес елді мекен аумағынан 11 бас жылқыны заңды иесіне қайтаруға мүмкіндік берді. Аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмысы басталып, күдікті ретінде жергілікті тұрғын уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Екіншісі, мал сою орындарын, мал-ет өнімдерін қабылдап сататын орындарды тексеру. Тексеру барысында облыс аумағындағы 54 мал соятын орындардың 26-сы жұмыс жасамайтындығы белгілі болды. Сондай-ақ Тараз қаласында

2 заңсыз мал соятын орын анықталды. Ет өткізетін 10 үлкен сауда орындарында бейсенбі-жексенбі күндері полиция қызметкерлері ветеринариялық бақылау және қадағалау қызметкерлерімен бірлесіп жеткізілген еттердің құжаттарын тексерді.

Үшіншісі, мал базарларында жұмыс жасау мәселесі. Облыс аумағында 7 мал базары бар. Базар күндері оларда профилактикалық іс-шаралар атқарылады.

Төртіншісі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 406-бабы бойынша, былтыр мал-ет өнімдерін заңсыз тасымалдаудың 462 фактісі, 408-бап бойынша мал жою ережелерін бұзудың 2560 фактісі анықталды.

Бесіншісі, шаруа қожалықтарын, фермаларды және т.б. тексеру. Жалпы, облыстағы 2063 фермерлік және жеке шаруа қожалықтарында 2657 малшы жұмыс жасайды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің негізгі мақсаты мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіру және қорғау мәселелерін ерекше назарда ұстау.



сәйкес 23 әкімшілік хаттама толтырылған.

Департамент мемлекеттік органдардың қызметшілеріне еңбек демалысын беру мен іссапар шығындарын төлеу талаптарының және мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің сыйақы алу кезіндегі құқықтарының сақталуына талдау жүргізді.

ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 3-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларына сәйкес, іссапарда жүрген мемлекеттік қызметшілерге тәулікақы, тұрғын үй-жайды жалдау және жол жүру шығыстары өтеледі.

Бұл ретте, департамент жүргізген талдау барысында кейбір жергілікті атқарушы органдарымен 203 мемлекет-

ЕЛ СЕНІМІНЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕСІН

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс әрекеттері тиімді ғана емес, сонымен қатар заңды болуы керек. Басшылар тарапынан заң нормаларын сақтамай қабылданған шешімдер мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының бұзылуына әкеледі, бұл өз кезегінде жалпы мемлекеттік органға деген сенімге нұқсан келтіреді.

Бұл ретте ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті 2025 жылы жоспарға сәйкес 10 мемлекеттік органда тексеріс жүргізіп, нәтижесінде мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы және қызметтік әдеп нормаларын сақтамауы бойынша 803 фактіні анықтаған, 127 мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қалпына келтірілді, заңсыз қабылданған 2 актінің күші жойылып тиісті ұсынымдар жолданды.

Сонымен қатар, департамент мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту бағыты бойынша тиісті жұмыстарды атқарады.

Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізу тәртібін ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының

2023 жылғы 29 мамырдағы «Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 121 бұйрығымен бекітілген қағидамен анықталған.

Департамент жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізіп, талдау жасады. Нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің жалпы 2216 сағат заңсыз үстеме жұмыс жасағандары анықталып, 282 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілген.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 89-бабына сәйкес, жұмыс берушінің не қабылдаушы тараптың Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген жұмыс уақытының және күнделікті жұмыстың (жұмыс ауысымының) қалыпты және қысқартылған ұзақтығын заңсыз асыру ескерту жасауға әкеп соғады, бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет лауазымды адамдарға – қырық АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Бұл ретте, департамент тарапынан 47 мемлекеттік органдардың жұмыс уақытының нормасын заңсыз асыруына байланысты, кодекстің 89-бабына

тік қызметшіге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарының өтелуі толық көлемде жүргізілмегендігі анықталды.

Нәтижесінде мемлекеттік органдарға жоғарыда орын алған бұзушылықтарды жою және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік іссапарларда болу кезіндегі тиісті шығыстарының өтелуін қамтамасыз ету мақсатында департаментпен енгізілген ұсынымдардың негізінде 203 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, 2,2 млн-ға жуық теңге көлемінде іссапар шығындары төленді.

Аталған бағыттағы жұмыстарды нәтижелі жүзеге асыру айрықша маңызды. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіру және қорғау жөніндегі жұмыс мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Қ. МАНАП,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департамент басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

Өңір тынысы

400 жоба іске аспақ

Биыл Жетісу облысы бойынша «Ауыл аманаты» жобасы аясында шамамен 400 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар өткен жылдың 225 жобасын қаржыландыруға қаражат бөлінген. Бұл әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен 2026 жылға арналған кешенді даму жоспары мәселесі талқыланған облыс әкімдігінің отырысында айтылды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

– Өңірде ауылдық аймақтарды дамыту бағытында ауқымды жұмыс жүргізілуде. Біз елді мекендерде тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар салдық, газ тарттық, жолдарды жөнделдік, бұл жұмыстарды ары қарай да жалғастырамыз. Жалпы, ауыл халқының тұрмыс жағдайы – аграрлық өңіріміздің дамуы үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Осы тұрғыда «Ауыл аманаты» жобасы үлкен көмек болып отыр. Қажетті қаражат бөлінді, енді берілген мүмкіндіктерді тиімді әрі сапалы пайдалану қажет. Жоба аясында мал шаруашылығын дамытумен қатар ауылдағы бизнестің басқа да бағыттарына, оған қоса кооперативтер құруға да ерекше назар аудару керек, – деді облыс әкімі Бейбіт Исабаев.

Ауылдық жерлердегі инфрақұрылымды әрі қарай дамыту мәселесіне тоқталған облыс әкімі Бейбіт Исабаев өңірді орталықтандырылған ауыз сумен қамту деңгейі 100%-ға, ал табиғи газбен қамту 67%-ға жеткенін атап өтіп, ендігі жерде абоненттерді қосу жұмыстары белсенді жүргізілуі тиіс екенін қадап айтты.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

Ынтымақтастық инвестиция арқылы артады

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Индонезияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Мохаммад Фаджрул Рахманмен кездесті. Кездесуде аймаққа инвестиция тарту мәселелері қаралды. «Қазақстан мен Индонезияны өзара сыйластыққа, бейбітшілікке және ынтымақтастыққа негізделген ортақ құндылықтар біріктіреді. Мемлекет басшыларының қолдауының арқасында екі ел арасындағы қарым-қатынас тұрақты түрде дамуда. Бүгінде әлемде литий-ионды аккумуляторларға сұраныс қарқынды өскен. Осы бағытта бірқатар елдер, соның ішінде Индонезия аккумулятор өндірісін жүйелі түрде дамытып келеді. Арал өңірінде, нақты айтқанда Шығыс және Батыс Арал учаскелерінде, Жақсыкылыш тұз кен орнында литий

қорын зерттеу жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта қосымша геологиялық барлау жүргізіп, литий өндірудің тиімді әрі экологиялық қауіпсіз тәсілдерін анықтау жоспарлануда. Бұл жоба іске асса өңір экономикасына инвестиция тартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өнеркәсіптік әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді.

А.МӘУЛЕНБАЙ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Кеден бекеттерінің жайы талқыланды

Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің құрылымында 8 кеден бекеті және 2 бақылап-өткізу пункті бар. Атап айтқанда, «Түркістан-КРО-Әуесжай» және «Тұран-АЭА» ішкі кеден бекеттері, «Қазығұрт», «Қапланбек», «Б.Қонысбаев», «Атамекен» шекаралық автомобильді кеден бекеттері, «Сарыағаш стансасы» кеден бекеті, сондай-ақ жаяу жолаушыларға, жеңіл автокөліктер және жолаушы автобустарға арналған «Жібек Жолы» кеден бекеті және Мақтаарал ауданындағы «Сырдария», «Целинный» бақылап-өткізу пункттері қызмет көрсетуде. Қазіргі таңда бірнеше кеден бекеттерін қайта құру, инфрақұрылымды дамыту және техникалық жарактандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.



Стратегиялық маңызы бар нысандарда атқарылып жатқан жұмыстардың барысы туралы Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтың төрағалығымен өткен жиында баяндалды. Жиында кеден бекеттерінің қазіргі жағдайы және бекет маңындағы нысандардың сәулеттік келбеті мен ретсіз орналасқан коммерциялық нысандарды реттеу мәселелері талқыланып, өзекті мәселелерді шешу жолдары қаралды.

Е.КЕБЕКБАЙ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ МІНДЕТІ – ІСТЕРДІ ӘДІЛ, БЕЙТАРАП, УАҚЫТЫЛЫ ШЕШУ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Анықтық презумпциясы, әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған материалдар, объектілер, құжаттар мен мәліметтер әкімшілік орган, лауазымды адам теріс деп белгілемейінше, анық деп есептеледі. Материалдардың, объектілердің, құжаттар мен мәліметтердің толыққандылығына күмән болған кезде әкімшілік орган, лауазымды адам олардың толыққандылығын өзі дербес тексеруге міндетті.

Аталған кодексте сенім құқығын қорғау қағидатына ерекше мән берілген. Аталған қағидаттың мәніне келетін болсақ – егер әкімшілік рәсімге қатысушы оның мүддесін қанағаттандыратын және көзделген мақсатына қолжеткізуге мүмкіндік беретін қолайлы акт алса, қабылданған шешім түпкілікті болып табылады және болашақта өзгертуге жатпайды деп пайымдауға құқылы.

Қатысушы әкімшілік орган актіні шығару кезінде қатысушы мен мемлекет мүдделерінің теңгерімін ескеріп, заңдарға сәйкес әрекет етті деп есептеуге құқылы.

Өкінішке қарай, бүгінгі таңда билік өкілеттіктері берілген белгілі бір орган қабылдаған шешімі бар тұлғаларда мұндай кепілдік жоқ. Өйткені бұрын қабылданған шешім бойынша ұстаным өзгеріп, сол орган шешімінің күшін жою мүмкіндігі бар. Бұл ретте, ӘРПК осындай қағидатты бекіте отырып, процеске қатысушының әкімшілік органға сенім білдіру құқығын қорғауды қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, заңсыз қолайлы әкімшілік актінің күшін жою туралы мәселені шешу кезінде осы қағидат ескеріледі. Сонымен бірге, кодексте жанадан енгізілген қағидат бар, ол – Соттың белсенді рөлі (ӘРПК-нің 16-бабы). Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады.

Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

Соттың белсенді рөлі қағидаты бойынша – сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Осы қағидатты жүзеге асыру барысында басты ерекшелік, бұл – судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыру, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу және дауды заң нормаларына сәйкес әділ, бейтарап және уақытылы шешу мақсатында, сот үшін осы қағидат – әкімшілік істі жан-жақты зерттеу үшін тараптардың өтініштері мен ұсыныстары негізінде және де өз бастамасымен қажетті дәлелдемелерді тиісті мемлекеттік органдардан, жеке немесе заңды тұлғалардан сұрау салып, алдыруға, қажетті мәліметтерді жинақтауға үлкен мүмкіндік береді. Сонымен бірге, өздеріне белгілі, сотта қарастырылатын даулардың санын азайту, оларды шешудің балама түрлерін, соның ішінде татуластыру рәсімдері мен медиациялық келісімдерге келу арқылы екі тараптың арасында дауларды шешу мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде.

Әкімшілік іс жүргізу барысында сотта осы қағидатты қолдану арқылы, судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша іске қатысушы тараптарға өзінің алдын ала құқықтық пікірін түсіндіріп, екі тараптың арасындағы дауды оңтайлы түрде шешу мүмкіндігін қарастырады.

Келесі қағидат, ол – Сот актілерінің міндеттілігі (ӘРПК-нің 18-бабы). Бірінші сатыдағы сот әкімшілік істер бойынша сот актілерін шешімдер және ұйғарымдар нысанында қабылдайды. Апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттар сот актілерін қаулылар және ұйғарымдар нысанында қабылдайды. Заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ соттар мен судьялардың сот төрелігін іске асыру кезіндегі өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары мен басқа да жолданымдары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, жеке тұлғалар үшін міндетті және Қазақстанның бүкіл аумағында орындалуға жатады.

Сот актілерін, сол сияқты сот талаптарын орындамау осы кодексте көзделген процестік мәжбүрлеу шараларын қолдануға және заңда көзделген жауаптылыққа алып келеді. Сот актілерін сот түпкілікті дайын болған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде әкімшілік процестің тараптарына жібереді.

А.ШАРХАНОВ,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

КОНСТИТУЦИЯ: ШІКІР, ҰСЫНЫС, ТАЛҚЫ

РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУГЕ ЖҰМСАЛАТЫН ҚАРЖЫ – 20,8 МЛРД ТЕҢГЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

XXI ғасырда әлем күрт өзгеруде, интернет, цифрландыру, жасанды интеллект, нейротехнологиялар арқасында адамзат бұрын-соңды болмаған жетістіктерге, көрмеген жаңалықтарға тап болуда, тіпті көз ілеспеуде. Оған қоса әлемде болып жатқан келеңсіздіктерді көріп ертең не болатынын болжау өте қиын. Ғалымдардың болжамы бойынша, әлемдік «Сингулярлық күй» футурист Рэй Курцвейлдің 2045 жылы болады дегенінен ерте болуы мүмкін. Мур заңы да осыған саяды. Осындай әлемдік үрдісті ойласақ біз бүгінгі жағдайымызбен, тәлім-тәрбиемізбен, моральмызбен, шарықтап тұрған сыбайлас жемқорлығымызбен ертең жасанды интеллекттің үстемдігінде кетпейміз бе деген күдік бар. Біз түгелі дамыған елдердің ғалымдары да осылай айтады. Алайда бұл да ескерілмей қалған.

Төртіншісі, 5-баптың 6-тармағында: «Қазақстан Республикасының жекеменшік өндірісінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимі конституциялық заңдарға сәйкес белгіленуі мүмкін. Осы арнаулы құқықтық режимдер мемлекеттік басқару, сот жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін көздеуі мүмкін» деп жазылған. Менің ойымша бұл конституциялық норма емес. Мұндай актуалды мәселені арнайы заң арқылы немесе Президенттің жарлығымен де жасауға болады. Конституцияда бұл артық деп ойлаймын. Өкінішке қарай бұл ұсыныс та ескерілген жоқ.

Бесіншісі, 8-баптың 3-тармағына қатысты. Онда: «Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» деген сөйлем бар. Менің ойымша мұны – «Атадан балаға ғасырлар бойы мұра болып келе жатқан Қазақстан жері сатылмайды, жалға тек Қазақстан азаматтарына беріледі. Жер арендаға пробационды тәртіппен беріледі, ол Халық Кеңесінің бақылауында болады» – деп өзгерту керек. Өйткені 2016 жылы жер дауы көтерілгенде қазақтың ұлтжанды азаматтары «жерді сатпаймыз, шетелге жалға бермейміз» деп халыққа үндеу тастап, ұзын саны 500-ден асатын азамат қол қойып ҚР Президентіне хат жазды. Президент содан кейін бір жылдық мораторий жариялап, Жер реформасы туралы мемлекеттік комиссия құрған. Комиссияның әр отырысы БАҚ арқылы бүкіл халыққа қолжетімді болды. Онда кімнің қолында қанша жер бар екені айтыла бастады. Енді осы тізімді жариялаймыз дегенде Н.Назарбаев Комиссияны жауып тастады да, жерге мораторийды 2027 жылға дейін тағы 5 жылға созды. Бірақ жер мәселесі түбегейлі шешілмеді. Соны енді Конституцияда халықтың көмегімен шешу керек еді. Алайда бұл ұсыныс да қабылданбай отыр.

Алтыншысы, 9-баптағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады» деген 2-тармаққа қатысты. Оны «Орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі» деп өзгерту керек. Бұл формулировка 1993 жылғы ҚР Конституцияда болды. Бұған Қазақстан халқы келіскен.

Жетіншісі, 9-бапқа мен «Мемлекеттік органдарда Қазақстан азаматы мемлекеттік тілді білуге міндетті және оған мүмкіндік беріледі» деген 4-тармақты ұсындым. Себебі, егемендік алғалы 35 жыл өтсе де лауазымды қызметте жүрген біраз азаматтарымыз қазақша білмейді, білгісі де келмейді. Қашанға дейін созыла береді, осы жолы шектеу қояйық.

Сегізінші, 33-баптың 2-тармағын «Қазақстан Республикасы азаматының заңға сәйкес мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарында конкурс негізінде грантпен тегін жоғары білім және ақылы жоғары білім алуға құқығы бар» деп редакциялауды ұсынғам. Ол белгілі бір деңгейде өзгертіліп жобада ескерілген сияқты.

Тоғызыншысы, 87-бапты «Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және оның қызметі, функциялары «Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару заңымен реттеледі» – деп жазуды ұсынғам. Өйткені, бұрынғы билікке қанша жазсам да «Жергілікті өзін-өзі басқару» заңы Қазақстанда қабылданбады. Қазақстанда жергілікті биліктің мемлекеттік басқару заңы бар, сол заңға жергілікті өзін-өзі басқарудың кейбір ережелері кірген, ал жеке заң жоқ. Жобада бұл – «Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы ахуалдың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілдік және атқарушы органдар жүзеге асырады» деп редакциялауны ұсындым.

Оразалы СӘБДЕН,
экономика ғылымдарының докторы, академик

Кезінде құқықтық мемлекет тұжырымдамасының негізін қалаушы Шарль Луи Монтескье, Жан Жак Руссодан бастау алған биліктің үш тармаққа бөліну идеясын, байқағанымыздай, біздің қазіргі қолданыстағы Конституцияда, жобасы ұсынылып отырған Конституцияда басқарудың бір қағидаты ретінде қабылдап отыр. Осы нормадан туындайтын, еш талас тудырмайтын қорытынды – ол сот билігі мемлекеттік биліктің бір тармағы.

БӨЛІМ АТАУЫ «СОТ БИЛІГІ» БОЛУЫ КЕРЕК



Әліл ҚҰРЫҚБАЕВ,
заңгер

Сот билігі – мемлекеттік қызметтің мазмұнын құрайтын соттың айрықша билік ету функциясы болып табылады. Азаматтық және қылмыстық істерді заңда белгіленген тәртіпте сот отырысында қарап шешу арқылы жүзеге асыру сот билігінің өзіне ғана тән қызметі. Қазақстан Республикасында сот билігін жүргізу тәртібі, сондай-ақ сот құрылымы мен судьялар мәртебесі Конституцияда, 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңда, басқа да заң актілерінде анықталған. Қазақ тіліндегі заң әдебиеттерінде «сот билігі» және «сот төрелігі» деген екі түсінік қолданылады. Әрине, ол екі ұғым Конституциядан алынған.

«Жаңа Конституция жобасының 76-бабының бірінші тармағында Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады», – деп көрсетілсе, ал осы баптың екінші тармағында сот билігі сотта іс жүргізудің заңмен белгіленген азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылатыны көрсетілген.

Жобаның 77-бабының 1-тармағында сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылатыны, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету сот билігінің мақсаты екені бекітілген.

Конституциядағы осы нормалар мен «сот билігі» және «сот төрелігі» түсініктері «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» заңында да қайталанатын. Сол себептен ғалымдар осы екі ұғымның бір-бірінен айырмашылығын тауып түсіндіруге тырысып келеді.

«Сот төрелігі» ұғымы «сот билігі» ұғымына жақын, бірақ олар өзара бір мағыналы емес. Сот билігі соттың көптеген әрекеттерінде көрініс табады, сондықтан ол сот төрелігіне қарағанда кең мағыналы» деген ойлар қазақтілді зерттеулерде басым. Осындай пікірін авторлар соттардың заңмен оларға бекітілген қызметтерімен түсіндіруге тырысады. Мысалы, Жоғарғы Соттың пленарлық отырысы сот практикасын зерделейді, оны жинақтап қорытып республика соттарының сот төрелігін жүргізуде заңдылықты сақтауы мәселесін қарайды; сот практикасында заңдарды қолдану мәселесі бойынша түсініктеме беретін нормативтік қаулы қабылдайды. Облыстық соттар сот статистикасын жүргізеді, сот практикасын зерделейді, оны жинақтап қорытып облыс соттарының сот төрелігін жүргізу кезінде заңдылықты сақтауын қарайды. Осы функцияларды атқару арқылы соттар билік жасайды деп қорытындылайды.

Конституция мен Конституциялық заңда және процестік заңдарда көрсетілгендей сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады және соттар қаралған істер бойынша үкім-

дер мен шешімдерді республика атынан, яғни сот билігін республика атынан шығарады. Демек сот билігі мен сот төрелігінің түпкі мазмұны бір ұғым. Сөзіміз дәлелді болу үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне жүгінейік. Сөздікте «билік» сөзін билердің айтатын төрелігі, шешімі деп түсіндірсе, «төрелік» сөзін айтылған билік, шешім, кесім деп түсіндірген. Осы екі ұғымды бір-бірінен бөліп қараған күннің өзінде, сот билігі болмай судьялар төрелік жасай алмайтыны белгілі. Сондықтан да сот билігі сотқа байланысты бөлімнің негізгі атауы болуы керек.

Сот төрелігі және прокуратура тіркестері Кеңестік дәуірдегі Қазақ КСР-ның 1936 жылы және 1978 жылы қабылданған Конституциясынан алынған. Қазақ ССР-нің 1978 жылы қабылданған Конституциясының 8-бөлімі «Сот төрелігі, арбитраж және прокурорлық қадағалау» деп аталды. Өздеріңізге белгілі Кеңес өкіметі сотты билік ретінде танымаған еді. Ал, талқылауға шығарылып отырған сот билігін мемлекеттік биліктің бір тармағы деп танып отырған Жаңа Конституция жобасының 8-бөлімі «Сот төрелігі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері» деп аталады. Бұл бөлімге сотты, прокуратураны, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді және адвокатураны кіргізген. Сотты прокуратура, адам құқықтары жөніндегі уәкіл және адвокатурамен қатар қойып, оларды құқық қорғау тетіктеріне жатқызған. Сот құқық қорғау тетігі емес, мемлекеттік биліктің бір тармағы екені ұмытылып қалған. Бөлім атауынан соттың биліктің тармағы екені көрінбейді. Қазақ ССР-і Конституциясындағы 8-бөлім атауынан айырмашылығы шамалы.

Жаңа жобадағы Қазақстан Халық Кеңесі – жобаның 70-бабына сәйкес Қазақстан халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган. Жобаның 72-бабына сай Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты – конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган ретінде белгіленген. Демек Конституциялық Сот сот жүйесіне кірмейтін, билік тармағы болып табылмайтын, тәуелсіз мемлекеттік орган. Осы жағдайға қарамай сот билігі мемлекеттік биліктің бір тармағы болса да, билік тармағына жатпайтын мемлекеттік орган Конституциялық Соттан және консультативтік орган болып табылатын Халық кеңесінен де төмен орналасқан. Бұл бірінші мәселе.

Екінші мәселе, Жоғарғы Сот төрағасының тағайындалуына байланысты туындап отыр. 1995 жылы қабылданған Конституцияның 82-бабы 1-бөлігінде Жоғарғы Сот төрағасын және судьяларын Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесіне сай Президент ұсынуымен Сенат сайлайтыны бекітілген еді. Ал жаңа Конституция жобасының 83-бабы 1-бөлігінде Жоғарғы Сот төрағасын Президент тағайындайды және ол өз өкілетті мерзімі ішінде Жоғарғы Сот судьясы да болады деп көрсетілген. Сонымен бірге Жоғарғы Сот судьяларын Жоғарғы Сот Кеңесінің және Президенттің ұсынысымен Құрылтай сайлайтыны да көрсетілген. Демек, Жоғарғы Соттың судьясына судьялық құзыретті тек Құрылтай ғана бере алады. Бұл Президент құзыретіне кірмейді. Ендеше Президент тағайындайтын Жоғарғы Сот төрағасының өкілеттік мерзімі ішінде Жоғарғы Сот судьясы болуы Құрылтайдың Жоғарғы Сот судьясын сайлайтын нормасына қайшы. Егер Конституция жобасында заң шығарушы билік – Құрылтайдың төрағасын және орындаушы биліктің басшысы – Премьер-Министрдің тек Құрылтайдың келісімімен сайланатынын, тағайындалатынын және Конституцияның жаңа жобасындағы билік тармақтарының орналасу ретін ескерсек бұл жағдайлар Сот билігінің басқа биліктермен теңдігін қорықтандырады. Осыған орай сот билігінің басқа биліктермен теңдігін сақтау үшін мен талқыланып жатқан Конституция жобасына төмендегідей өзгерістерді енгізуді:

Сот билігін жеке 6-бөлімге шығарып, орындау билігінен кейін орналастыруды;

2-бөлімді «Сот билігі» деп атауды;

Жобаның 83-бабына Жоғарғы Сот төрағасын Жоғары Сот Кеңесінің және Президенттің ұсынысымен Құрылтай сайлайды деп өзгеріс енгізуді ұсынамын.

ӨЗГЕРІСКЕ ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАР ДА КӨЗ ТІГІП ОТЫР

Конституциядағы өзгеріске бей-жай қарап отырған жоқпыз. Конституцияның алғысөзінен басталған әрбір өзгеріс пен түзетуді өз жүрегімізден өткізіп, оны өзіміз тұрып жатқан елдің Конституциясымен салыстырып, мұнда мынандай нәрсе бар екен деп өз арамызда талқылап жүрміз. Өйткені сырттағы қазақтың атажұртқа бағытталған көші енді ешқашан тоқтамайды.



Қазір әлеуметтік желіде ең көп талқыланып жатқаны – Конституцияның 9-бабының екінші тармағы. Біз тұрып жатқан Өзбекстан Республикасы Конституциясының «Мемлекеттік егемендік» деп аталатын 1-тарауындағы 6-баптың төртінші бөлігі мемлекеттік тілге арналған. Онда: «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі – өзбек тілі. Өзбекстан Республикасы өз аумағында тұратын ұлттар мен ұлыстардың тіліне, салт-дәстүріне құрметпен қарауды қамтамасыз етеді, олардың дамуына жағдай жасайды» деп жазылған. Яғни, егемендіктің барлық белгісі 6-бапта барлық жастағы адамдар үшін қысқа және ұғынықты үлгіде көрсетілген.

Ал Қазақстандағы қоғамдық талқылауға ұсынылып отырған жаңа Конституция жобасында «Конституциялық құрылыс негіздері» деп аталатын I бөлімде 11 бап бар. Біз сөз етіп отырған мемлекеттік тіл мәртебесіне екінші тармақта орыс тілі ортақтасып отыр. Бұл кез келген адамды жаңылысты-

рады. Бұл жерде мемлекеттік тілдің ел егемендігінің негізгі белгілерінің бірі ретіндегі ролі көрсетілмей қалған.

Қазір Қазақстанға қоныс аударып, қандас мәртебесін алған Қытай, Ауғанстан, Иран қазақтары ғана емес, біздің Өзбекстаннан барған отандастарымыз арасында да орыс тілін білмейтіндер жеткілікті. Олар мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде мемлекеттік тілмен тең қолданылатын болғандықтан кейде өздерін қолайсыз сезініп жатады. Бұл жағдай Қазақстанның алдағы 5-10 жылдық қысқа мерзімдік қана емес, ұзақ мерзімді даму стратегиясын айқындайтын Ата Занда көрініс табуы оның тұрақтылығына күмән тудыруы мүмкін деп ойлаймын.

Клара САДЫРБАЕВА,
Өзбекстандағы республикалық қазақ мәдени орталығының білім бөлімінің меңгерушісі

РУХАНИЯТ

ИРАННЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МҰРАЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарының 17-ші мақсаты – «Тұрақты даму мүддесіндегі еріптестік» аясында «Иранның дүниежүзілік мұралары» атты мәдени іс-шара өтті.



Алматыдағы Иран Ислам Республикасы Бас консулдығы жанындағы мәдени өкілдіктің қолдауымен өткен шараны ҚазҰУ шығыстану факультеті және Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия кафедрасы бірлесіп ұйымдастырды. Шараға дипломатиялық корпус өкілдері, белгілі ғалымдар, оқытушылар мен студенттер қатысты. Бағдарлама аясында ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілген Иранның бірегей нысандарына арналған фотоқорғама ұсынылды. Экспозиция Персеполис, Шустардағы тарихи гидротехникалық жүйе, персид бақтары мен көне керуен-сарайларды қамтып, иран сәулеті мен мәдениетінің даму кезеңдерін көрсетті. Көрме қазақстандық зиялы қауым мен студент жастарға халықаралық деңгейде мойындалған Иран мәдениетімен танысуға бірегей мүмкіндік берді. Кездесуді ҚазҰУ шығыстану факультетінің деканы Мырзахан Егембердиев жүргізді. Алматыдағы Иран Ислам Республикасының бас консулы Суна Ахмади ханым құттықтау сөз сөйлеп, Иран мәдениетінің әлемдік өркениеттегі ролін атап өтті. Ол академиялық ынтымақтастықтың маңыздылығын, сондай-ақ Иран мәдениетін насихаттауға бағытталған бастамаларды қолдағаны үшін университетке алғыс білдірді. Бас консулдың мәдени жөніндегі аттәшесі Хоссейн Агазаде өз сөзінде мәдени мұраны сақтау мен оны келер ұрпаққа жеткізудің маңызды екенін атап өтті. Іс-шараның негізгі бөлігі ирандық «Dargou» музыкалық ансамблінің концерті болды. Ұжым дәстүрлі Иран музыкасын орындап, тарихи және көркемдік дәстүрлердің сабақтастығын көрсетті.

Алматыдағы Иран Ислам Республикасы Бас консулдығы жанындағы мәдени өкілдіктің қолдауымен өткен шараны ҚазҰУ шығыстану факультеті және Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия кафедрасы бірлесіп ұйымдастырды. Шараға дипломатиялық корпус өкілдері, белгілі ғалымдар, оқытушылар мен студенттер қатысты. Бағдарлама аясында ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілген Иранның бірегей нысандарына арналған фотоқорғама ұсынылды. Экспозиция Персеполис, Шустардағы тарихи гидротехникалық жүйе, персид бақтары мен көне керуен-сарайларды қамтып, иран сәулеті мен мәдениетінің даму кезеңдерін көрсетті. Көрме қазақстандық зиялы қауым мен студент жастарға халықаралық деңгейде мойындалған Иран мәдениетімен танысуға бірегей мүмкіндік берді. Кездесуді ҚазҰУ шығыстану факультетінің деканы Мырзахан Егембердиев жүргізді. Алматыдағы Иран Ислам Республикасының бас консулы Суна Ахмади ханым құттықтау сөз сөйлеп, Иран мәдениетінің әлемдік өркениеттегі ролін атап өтті. Ол академиялық ынтымақтастықтың маңыздылығын, сондай-ақ Иран мәдениетін насихаттауға бағытталған бастамаларды қолдағаны үшін университетке алғыс білдірді. Бас консулдың мәдени жөніндегі аттәшесі Хоссейн Агазаде өз сөзінде мәдени мұраны сақтау мен оны келер ұрпаққа жеткізудің маңызды екенін атап өтті. Іс-шараның негізгі бөлігі ирандық «Dargou» музыкалық ансамблінің концерті болды. Ұжым дәстүрлі Иран музыкасын орындап, тарихи және көркемдік дәстүрлердің сабақтастығын көрсетті.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ЖИЫН

МӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ ҮЗІЛМЕЙДІ

Елордада жаңа Конституция аясында тарихи-мәдени мұраны сақтау мәселелері қаралды. Астанада «Қазақстанның конституциялық құндылықтар жүйесіндегі тарихи-мәдени мұраның орны мен маңызы» тақырыбында «SARAP» сарапшылар клубының отырысы өтті.

Іс-шара Қазақстан қоғамдық даму институтының ұйымдастыруымен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өтті. Жиынға Конституциялық комиссия мүшелері, Қазақстан Жазушылар одағы, Ұлттық академиялық кітапхананың өкілдері, ғылыми қауымдастық, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар қатысты.

Қатысушылар тарихи-мәдени мұраның конституциялық құндылықтар жүйесіндегі ролін және оның ұлттық бірегейлік пен қоғамдық келісімді нығайтудағы маңызын қарастырды.

Тарихи мұраны сақтау мен мәдени сабақтастық мемлекеттік саясат пен конституциялық тәртіптің маңызды құрамдас бөлігі екені атап өтілді. Сонымен қатар мұраны қорғау, ғылыми зерттеу және оны ұлттық әрі халықаралық деңгейде дәріптеу мәселелері талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша осы саладағы жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірленді.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің
баспасөз қызметі

БІР МҮДДЕ

«ЗАҢ ӨЗІҢНЕН БАСТАЛАДЫ»

Талдықорған қаласында Жетісу облысының прокуроры Бауыржан Жұмақановтың төрағалығымен Мемлекет басшысы жолдауларының негізгі ережелерін ілгерілетуге арналған «Заң өзіңнен басталады» атты ауқымды идеологиялық диалог өтті.

Шараға ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, академиктер М.Ч. Қоғамов пен Ө.Ш. Жалаири, сондай-ақ құқық қорғау органдарының басшылары, белгілі мәдениет және спорт қайраткерлері қатысты.

ҚР ҰҒА академигі, профессор Марат Қоғамов құқықтық идеологияға терең талдау жасап, заңдылық қағидасын ұлттық дәстүрге айналдыру қажеттігін атап өтті.

Ашық пікір алмасу форматы қоғамдық пікір көшбасшылары мен еліміздің жетекші заңгерлеріне, әсіресе жастар арасында құқықтық мәдениетті тәрбиелеудің ортақ тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік берді. Диалогқа қатысушылар құқық бұзушылықтарға қарсы берік «иммунитет» қалыптастыру, әділдік пен тәртіп, заң талаптары ешқандай

ерекшеліксіз орындалғанда ғана орнығатыны туралы ортақ байламға келді.

Облыс прокуратурасы алдағы уақытта да алдын алу және ағарту жұмыстарына басымдық бере отырып, идеологиялық кездесулер өткізу тәжірибесін жалғастыра бермек. Негізгі мақсат – кез келген заң бұзушылық қоғам үшін жат қылық болып саналатын орта қалыптастыру. Ведомство Жетісу тұрғындарын белсенді азаматтық позиция танытуға, заңды қатаң сақтап, айналадағылардың қауыпсіздігін құрметтеуге шақырады, өйткені қоғамдағы тәртіп – әрбір адамның қосқан үлесінің нәтижесі.

Жетісу облысы прокуратурасының
баспасөз қызметі

ҚОРҒАНЫС

Қорғаныс министрлігі әскерден жалтару әрекеттеріне қатысты үндеу жасады. Әлеуметтік желілерде «әскерден босату» немесе «ақ билет» алып беру бойынша қызмет көрсету жарнамасы тарап жатыр. Осыған байланысты Қорғаныс министрлігі мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босату туралы шешім ел заңнамасына сәйкес тек шақыру комиссиясы тарапынан қабылданатынын ескертіп отыр.

ӘСКЕРДЕН ЖАЛТАРУ – ҚЫЛМЫС

Министрлік мәліметінше, әскерге шақыру мәселелері бойынша заңгерлік кеңес беру – заңды қызмет. Алайда медициналық құжаттарды қолдан жасау, жалған диагноздарды рәсімдеу және әскери қызметтен жалтарудың өзге де заңсыз тәсілдері үшін делдалдарға, шақырылушылар үшін де қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

1 наурыздан бастап көктемгі әскерге шақыру басталады.

Қорғаныс министрлігі әскери қызметті өткеру әр азаматтың конституциялық борышы екенін еске салады. «Мерзімді қызмет жастарға білім беру жеңілдіктері мен гранттар алу, кәсіби дағдыларды меңгеру, дене дайындығын нығайту секілді нақты мүмкіндіктер береді. Бұл – тәртіптің, жауапкершіліктің пен ерліктің мектебі. Сонымен қатар, мерзімді әскери қызмет өткеру кезінде және қызметтен босатылғаннан кейін екі ай ішінде әскери қызметшілер үшін кредиттік демалыс (несиелік каникул) тегі қолданылады. Белгіленген мерзімді толық өтеген азаматтарға білім беру жеңілдіктері ұсынылады. Соның ішінде оларға

студенттік жатақханадан орын алуға да басым құқық беріледі. Сондай-ақ жоғары оқу орнына ҰБТ тапсырмай-ақ білім беру грантын алу мүмкіндігі қарастырылған. Бүгінгі таңда еліміздің жоғары оқу орындарында тегін білім алуға арналған сертификаттар мерзімді әскери қызмет өткерген 9 мыңнан астам қазақстандыққа берілді», – деп хабарлайды министрлік. Азаматтар әскери комиссияның шақыру қағазы бойынша жергілікті

әскери басқару органдарына келуге міндетті. Оны жеке табыстау мүмкін болмаған жағдайда азаматтардың келуін ішкі істер органдары қамтамасыз етеді. Медициналық тексеруді жергілікті денсаулық сақтау органдарының мамандары өткізеді. Олар азаматтың әскери қызметке жарамдылық санатын анықтайды. Заңды негіздер болған жағдайда мерзімді әскери қызметті кейінге қалдыру немесе одан босату мүмкіндігі беріледі, ал басқа жағдайларда азаматтар мерзімді әске-

ри қызметке жіберіледі. 18 жастан 27 жасқа дейінгі, кейінге қалдыру немесе босату құқығы жоқ ер азаматтар әскерге шақырылады. Шақыру жылына екі рет – наурыздан маусымға дейін және қыркүйектен желтоқсанға дейін жүргізіледі. Қорғаныс министрлігі азаматтарды өз құқықтарын жүзеге асыру үшін тек заңды тетіктерді пайдалануға шақырады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



АЙМАҚ АҚПАРАТ

Дәрігерлер тегін қан талдауларын жасады

Шымкентте «Денсаулық бұрышы» акциясы аясында қалалық емханалардың дәрігерлері сауда орталықтарында тұрғындарды қабылдап, медициналық консультациялық-диагностикалық қызмет көрсетті. Тіпті шара барасында қалалық №13 емхананың дәрігерлері «Баян сұлу» сауда орталығында азаматтарға тегін қан талдауларын жүргізіп, ағзадағы қант пен холестерин мөлшерін анықтады. Осы мүмкіндікті тиімді пайдаланған сауда орталығының сатушылары мен келушілері бейінді мамандардан бірден тиісті емдік тағайындаулар алды. Пульмонолог, невропатолог, кардиолог сынды бейінді мамандар мен жалпы тәжірибелік дәрігерлер тұрғындарға тегін қызмет көрсетіп, алдағы уақытта ем-шара қабылдауларына бағыт-бағдар берді. Ігі шара «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Шымкент қаласы филиалының ұйытқы болуымен ұйымдастырылған.



Сала мамандары атап өткеніндей, МӨМС жүйесіндегі басты мақсат – баршаға ортақ тең мүмкіндіктерді қалыптастырып, халықты сапалы әрі қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету. Айта кету қажет, биылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне диспансерлік септе тұрған азаматтардың бірқатар созылмалы аурулары бойынша бақылау мен емдеу енгізілді. Бұл тізімге келесі ауру түрлері кіреді: қант диабеті; балалардың церебралды сал ауруы; дәнекер тіннің жүйелі аурулары; ревматизм; артериялық гипертония; жүректің ишемиялық ауруы және өзге де жүрек аурулары (жүрек жеткіліксіздігі, жүрек ырғағының бұзылыстары); төменгі тыныс жолдарының созылмалы аурулары; бүйрек аурулары, оның ішінде гломерулярлық аурулар, созылмалы бүйрек ауруы; ас қорыту жүйесінің аурулары; сүйек-бұлшықет жүйесі мен дәнекер тін аурулары.

Бұл диагноздары бар адамдарға амбулаториялық және стационарлық жағдайларда, соның ішінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді, қымбат дәрі-дәрмектерді қоса алғанда, барлық қажетті ем түрлерін алуға мүмкіндік береді. Шара барысында сондай-ақ қор филиалының мамандары МӨМС жүйесі туралы халыққа түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сұрақтарға жауап берді.

Р.НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

Бизнеспен өзара іс қимылдың ерекше форматы

Қарағанды облысында инвесторлар нақты құқықтық қолдау мен өз мүдделерінің қорғалуына сенім арта ала-

ды. Өткен жылдың соңында Мемлекет басшысының бастамасымен Бас прокуратура жанынан Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды. Бұл – бизнеспен өзара іс-қимылдың жаңа форматы, ол мәселелерді жедел шешуге және әкімшілік кедергілерді жоюға мүмкіндік береді.



Әр өңірде облыс прокурорлары инвестициялық прокурорлардың функцияларын атқарады. Сонымен қатар инвестициялық жобаларды сүйемелдейтін және бизнес туындаған мәселелерді шешуге жәрдемдесетін жұмыс топтары құрылған. Инвесторлармен жұмыс істеудің жаңа құралдары мен қолдаудың нақты тетіктері бизнес өкілдерімен өткен кездесуде талқыланды.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Көпқабатты тұрғын үйлер жөндеуден өтуде

Кентау қаласында соңғы үш жылда 200-ге жуық көпқабатты тұрғын үй жөндеуден өтті. Нәтижесінде шаһардағы үйлер 85 пайызға жаңғыртылды. Сондай-ақ, өткен жылы 5 қабатты 60 пәтерлі әлеуметтік несиелік тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары жүргізіліп, жеке мердігердің есебінен 3 қабатты 30 пәтерлі 2 тұрғын үй құрылысы аяқталды. Бұл туралы Кентау қаласының әкімі Жандос Тасов брифингте мәлімдеді.

– Кентау қаласында қазіргі таңда 234,6 млрд теңгеге 15 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Өндіріс орындары іске қосылған кезде 1 768 жұмыс орны ашылмақ. Сондай-ақ өңірдің индустриализация әлеуетін дамыту мақсатында қала аумағында Арнайы экономикалық және Индустриалды аймақ жұмыс істейді. Қазіргі таңда Арнайы экономикалық аймақта жалпы құны 5,1 млрд теңгеге 3 жоба іске қосылып, 310 жұмыс орны құрылған. Биыл 8 млрд теңгеге 4 жоба жүзеге асырылып, 430 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Ал Индустриалды аймақта білтыр 2,7 млрд теңгеге 7 жоба іске асырылып, 184 жұмыс орны ашылған. Бүгінгі таңда 3,3 млрд теңгеге 3 жобаның құрылысы жүргізілуде. Нәтижесінде 150 жұмыс орны құрылатын болады, – деді қала әкімі.

Р.ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



2026 ЖЫЛДЫҢ 15 НАУРЫЗЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТЕДІ

Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған Республика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді. Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында

2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылады. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

15 НАУРЫЗ
МАРТА

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

ТАРАТУ

2. «Компания «Клевер» ЖШС (БСН 210740035198) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Герольд Бельгер көшесі, 74/2-үй, 41-пәтер.

6. «BABY STAR «БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС (БСН 240440013311) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Нұрсәт-2 ықшамауданы, 23 Б үй, 77-пәтер. Тел. +7 701 757 02 71.

7. «AQUADES» ЖШС (БСН 181140008353) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 10-ықшамауданы, 32-үй, тел. +7 777 777 1730.

8. «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған» балабақшасы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны» (БСН 020240004121) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Сыздықбаев көшесі №3, тел. +7 (72637) 21044.

10. «Dostyk Wind Power Plant» ЖШС (БСН 241040030042) өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Д.Қонаев көшесі, 73-үй.

11. «Таргострой» ЖШС (БСН 160540008817) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, С 308 көшесі, 21-ғимарат, 37-кабинет.

13. «Атамекен көлік тұрағы» тұрғын үй-құрылыс кооперативі (БСН 191040032601) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Жұмабек Тәшенов көшесі, № 8/3 үй.

14. «ПиЭнЭль» ЖШС (БСН 221040003339) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 18, 22-кеңсе. Тел. 8-771-256-19-60. E-mail: zhborisovna@mail.ru.

ӘРТҮРЛІ

5. Алматы облысының МАЭС 02.12.2026 жылғы ұйғарымымен «Mega Build Kazakhstan», ЖШС-не қатысты (БСН 010140004631) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Борлай ауылы, Советская көшесі, 5. Тел. +7 701 223 09 84.

12. «Атамекен көлік тұрағы» тұрғын үй-құрылыс кооперативі (БСН 191040032601) Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ж. Тәшенов көшесі, № 8/3 үй мекенжайында орналасқан тұрақтағы автотұрақ орындарына талаптары бар тұлғаларды, растайтын құжаттарын ұсына отырып, анықтау жұмыстарын жүргізетінін хабарлайды. Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ж. Тәшенов көшесі, № 8/3 үй.

МҰРАГЕРЛІК

9. 2025 жылдың 12 желтоқсанында қайтыс болған азаматша Иксанова Жумагуль Оспановнаның артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзағалиева Роза Тлеккабыловнаның артынан мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, тел. 8(701) 222 7274.

БАНКРОТТЫҚ

3. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 11 ақпандағы ұйғарымымен «New Steps» ЖШС-не (БСН 210740007263) қатысты банкроттық іс қозғалды. Талап-арыздар мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 12/1 үй, 5-пәтер. Тел. +7 747 560 19 73.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

4. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен жеке кәсіпкер Д.К.Байтұрсыновқа (ЖСН 931010451428) қатысты банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Барлық талаптар уақытша басқарушы Мухамеджанова Зухра Жақсыбайқызына ұсынылуы тиіс. Мекенжайы: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 46-үй, 38-пәтер. Тел. +7 701 536 44 87.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИROS» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгіров көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87019457336 Татьяна, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА:

I ТАРАУ
СУЫТ ХАБАР

Шілденің аптап ыстығы Шымкенттің тас жолын тітіркендіріп жіберген. Асфальт иісі ыстық ауамен араласып, көкжиекте бұрқыраған сағымға айналды. Жол көзге көрінбейтін толқын секілді дірілдейді.

Полицей көлігі қаладан шыға бере, Келес бағытына қарай зулады. Рөлде – жедел уәкіл Максат. Қасында – аға тергеуші Абылай Өзімханұлы. Ірі денелі, қыр мұрынды, қабағы үнемі түйінкі. Бірақ түрінен сабыр мен сенім сезіледі. Оның аты оңтүстікте ғана емес, республика көлемінде де белгілі: «өлі» істі сөйлеткен, ашылмаған түйінді тарқатқан тергеуші. Бірақ бүгінгі сапардың салмағы бөлек еді. Әлдебір ой мазасын алды.

Аудандық бөлімшеден түскен хабар қысқа болатын: «Сейіт ауылында сөмкенің ішінен иістенген адам дене мүшелері табылды. Жеке басы анықталмаған».

Ұзақ үнсіздікті Максат бұзды: – Қойдың еті деп ойлаған ғой...

Абылай терезеден көз алмады. Қалың қамыс, қураған шабындық, әріде жапырлай салынған жер үйлер. Дала тып-тыныш. Мұндай үнсіздік көбіне қанды оқиғаның алдында сезілетін.

Демін ішіне тартқан қорқыныштай. – Мұндайда малды емес, – деді Абылай баяу, – адамның ішкі малтығын тексеру керек, – деп күбірледі ол. Кімге айтқаны, неге айтқанын өзі де білмейді.

Келеске қарай бет алған көлік тас жолдың бетін бұлдыратқан сағымға сіңіп бара жатты.

II ТАРАУ

БІР СЫР БҮККЕН ТЫНЫШТЫҚ

Сейіт – томаға-тұйық, тыныш ауыл. Алайда бірдеңе бола қалса, жұртшылығы дереу дүрк ете қалады. Абылай ауыл шетіндегі оқиға орнына келгенде, сары лента тартылған жерге бір топ адам жиналып қалған еді. Жұқсалғышта сөмке сол күйі тұр екен. Полиция қаптап, оны қоршап қойған. Иісі – шіріген, жанға бататын сасық иіс. Абылай бетіне маска киіп, сөмкеге еңкейіп қарады. Ашылған сөмкенің аузынан полиэтиленге оралған, сұрланып кеткен адам аяғы көрінді. Тобық тұсынан кесілген, күре тамырдан қан сарқылып кеткені байқалады.

– Кім тапқан? – деді Абылай суық үнмен.

– Көршісі. Бақытжан деген жігіт. Шаштараз. Машинасының жүк салғышында екі күн тұрған. Сасық иіс шыққан соң ашып қараған, – деді учаскелік полиция.

– Деруе шақырыңдар.

Көп күттірген жоқ. Жетіп келді. Қоршаудың ар жағында қол қусырып тұрған еді себебі. Өзі де түкке тұсынбай тұр, аң-таң. Жанарынан «Не жазып қалдым?!» деген жазуды оқу қиын емес.

– Сіз бе сөмкені көрген? – деді Абылай жақындап қатқыл үнмен.

– Иә. Кө-кө-көріші әйел... Қорыққаннан жігіт тұтығып, сөйлей алмай біраз тұрды.

– Тездетсеңші, не қылды көрші әйел? – осы сәт тергеушінің ашуы бұрқ ете қалды...

– Динара деген... ке-ке-келіп, «мына ескі сөмкені қоқысқа апарып тастай салшы» деді.

– Ішінде не бар деп сұрамадың ба? Иісі ше, иісі сезілмеді ме? Әлде мұрның иіс сезбей ме?

– Сездім, сездім. Сұрадым ғой... Ол «Қойдың еті еді, ағаң әкеліп қоя салыпты маған айтпай, тоңазытқышқа салмай, бұзылып кетіпті» деді ғой. Ауылдас болған соң көмектестім. Бірақ...

– Сөмкені ашпай бердіңіз бе?

– Иә. Ашпадым. Иіс шыққан соң... Абылай жігітке тіке қарады. Қозға-

лысы, бет әлпеті, дауыс ырғағы – сырттай тыныш көрінгенімен, ішкі абыржу-ды жасыра алмай тұр.

– Динара сізге кім болады?

– Көрші. Бұрыннан танымыз. Менен екі көше төмен тұрады. Арамызда ештеңе жоқ, ағасы...

Абылай оның бұл сөзді неге нақтылап айтқанын бірден байқады. «Арамызда ештеңе жоқ» – акталудың бірінші сатысы.

– Сөмкені өз көлігіңнің жүк салғышына салдың ба?

– Иә...

– Неге бірден апарып тастамадың?

– Уақытым болмады. Ауылда көлік көп емес, менің машинамен көп адам жүреді. Бірінен кейін бірі. Соларды тасып болған соң, түнде апарып тастаймын деп ойлап едім. Қара басып, сол бойы қалып қойыпты. Бір-екі күн өткен соң ғана машинаға отырған клиент тыжырынып, «немене сасық иіс шығып тұр?» деп мінбей қойды. Сол кезде ғана есіме түсті...

Абылай басын изеді. Бірақ дәптеріне:

Абылай табалдырықтан атпаған сәтте үй ішінен дымқыл ауа сезілді. Бір түрлі ылғал мен хлордың қоспасы секілді. Қонақ бөлмедегі диванда сұрғылт халат киген жүдеу келіншек сұлқ отыр екен. Шашы жинақы, әйтсе де бетінде қонырқай көлеңке, көзі үркер.

– Сәлеметсіз бе. Мен – тергеуші Абылай Өзімханұлы. Бірнеше сұрақ қойсам деймін.

– Иә...

– Күйеуіңіз Берік қайда?

– Білмеймін...

– Соңғы рет қашан көрдіңіз?

– Үш күн бұрын. Қатты ашулы болды. Үйден шығып кетті. Қайтып келген жоқ.

– Ал көршіге берген сөмке ше?

– Иә, ет болатын... мен де нақты білмеймін... қойдың еті... бұзылып кетіп еді...

Абылай үнсіз қарап отырды. Келіншектің үні бәсең, сөздері жай айтылғанмен, әр сөйлемнің арасы тым ұзақ. Әдейі ойланып жауап беріп тұрғаны анық.

– Ыстық сумен жуылған. Хлор иісі бар. Жақында жуылған.

Ол дыбыс шығармады. Құжаттарға ештеңе жазбады. Бірақ иіс, сызат, қозғалыс... бәрі тергеушінің ішкі қартасын сызып жатты.

ТҮНГІ ЖАЗБА

Сол күні Абылай аудандық бөлімшеге қайтып келді. Жол бойы мүлдем тіл қатпады. Кабинетке кіріп, үстелге жайғасқанда ғана көмекшісі Максатқа қарап:

– Не дейсіз? Динара ма, әлде Бақытжан ба? – деді бірден.

– Екеуі де өтірік айтып отыр. Бірақ біреуі өтірікті – өзін қорғау үшін, екіншісі – біреуді жасыру үшін айтып отыр.

– Сонда?

– Ертең Бақытжанды тергейміз. Толық. Телефонның, байланысын, сол түнде қайда болғанын – бәрін тексеріңдер.

– Ал Динараны ше?

Абылай сәл ойланып:

– Ол шындықты айтуға дайын. Бірақ бір сәтті күтіп отыр. Қорқыныш – әлі үстем. Ал мен соны бұзуым керек.

ҚАРБЫЗ ДӘМІ



«Сөмке – 2 күн жұқсалғышта. Жігіт – тым сабырлы. Көршісі – жалғызбасты келіншек. Ал сөмкеде – бөлшектелген дене. Қарапайым адам мұндайды жасай ала ма?» деп жазып қойды.

III ТАРАУ

ҚОЛҚАНЫ ҚАПҚАН СЫЗ
ИІСІ...

Сейіт ауылының шетіне қарай өзге үйлерден оқшау орналасқан шағын ғана үй – шатыры көнерген, шарбақтары шіріп кеткен. Сыртқа қараған терезелері тарс жабық. Есіктің алдына жай ғана су себілген, сыпырылғаны байқалады. Біртүрлі тым ұқыпты. Шамадан тыс таза.

– Динара үйде ме? – деді Абылай ішкі ілініп тұрған торды түртіп.

– Іште. Бірақ біраздан бері ешкіммен сөйлескісі келмейді, – деді учаскелік сақшы.

– Сөйлескісі келмесе де, сөйлесуіміз керек, – деді Абылай сабырмен.

Есікті аша бергенде, іштен әлсіз дауыс естілді:

– Иә... Кіріңіздер.

– Сіз сол түнде үйде болдыңыз ба?

– Иә...

– Қонақ болған жоқ па? Біреу келіп-кетпеді ме?

– Жоқ...

Осы сәт Абылай үй ішін барлай қарады. Өлі толық бітпеген, бірақ қазірдің өзінде бір түрлі көнеріп үлгерген үй секілді. Еңсені бір нәрсе басып тұрғандай. Бәлкім, ол қабырғалардың ақталмай, қара сылақ күйінде тұрғандығынан ба екен... Осылай ойлап қабырғаны бойлап кеткен көзін төмен түсіре беріп еді, кенет көзі терезенің жақтауындағы ұсақ сызаттарды, еденнің бір шетіндегі өңі оңған ізді байқады. Бөлме іші жуылып, тазартылған. Бірақ тазалықтың өзі – тым ізетті. Бұл – күнделікті күтім емес. Бір түрлі із жасыруға тырысқан адамның іс-әрекетінің иісі аңқитындай.

– Жуынатын бөлмеңізді көруіме бола ма? – деді Абылай аяқ астынан.

Динара сәл тосылып барын, амалсыз басын изеді. Абылай ішке кірді де, кір жуғыш машинаның үстіндегі сүлгілерге, раковина астындағы шелекке, плитка тігістеріне көз жүгіртті.

IV ТАРАУ

«ҚОЙДЫҢ ЕТІ»...

Бақытжан орындықта тік отырса да, иығы салбырап кеткен. Әлдене ішінен мүжіп тұрғаны анық. Абылай дәптерін жапты да, көзілдірігін сәл көтеріп, күдіктінің жүзіне тура қарады.

– Тағы бір мәрте айтайық, – деді сабырмен. – Динара сізге өзі келді ме? Бақытжан басын изеді.

– Иә. Өз аяғымен келді.

– Қай күні?

– Сенбі. Кешке таман.

– Не деді?

Бақытжан сәл кідірді. Сол бір сәл ғана кідіріс Абылай үшін тым ұзақ боп сезілді.

– «Қойдың етін Берік үйге әкелген екен, бірақ маған айтуды ұмытып, қоя салыпты. Сол бойы тұрып сасып кетіпті. Тастай салшы», – деді. Дәл солай айтты.

– Сіз сендіңіз бе?

– Енді... ол менің бұрыннан араласып жүрген жолдас баламның әйелі ғой. Қалай сенбеймін?

Абылай жымия қойған жоқ. Керісінше, дауысы салқындай түсті.

– Бірақ ол етті неге күйеуі Берікке шығартқызбай, саған айтты. Күйеуің қайда деп сұраған жоқсың ба?

– Ол вахтада істейді ғой... Келіншегі көбіне жалғыз қалады балаларымен. Оны Беріктің өзі де тапсырып кеткен, «жеңген көмек сұраса, қол ұшын беріп тұр» деп...

– Бірақ оның күндіз емес, түн ортасында келіп тұрғаны бір түрлі көрінбеді ме?

– Ойланбаппын...

Бақытжан осы сәт басын қасыды. Сасқалақтап... Бірақ үнінде шынайылық та бар.

– Қанға боялған дорбамен? – деп айғайлап жіберді ашу кернеген тергеуші осы сәт.

Бақытжанның ерні кеберсіп кетті.

– Ме-ме-мен... а-а-ашып қараған жоқпын да. Шын айтам, ашқан да жоқпын. Жұқ салғышқа сала салдым.

– Бірақ иісін сездіңіз, – деді Абылай.

Бақытжан көзін төмен салды.

– Мүнк етті, бірақ ол өзі айтты ғой «сасып кеткен деп»... – деді әрең. – Бірақ... ойламадым.

Абылай орнынан баяу тұрды. Бойын кернеген ашуды әрең басып, өзін сабырға шақырып. Үстелді айналып өтті де, күдіктінің қарсы алдына келді.

– Сіз ойламаған шығарсыз, ал Динара ойлады, – деді ол анық үнмен. – Ол сіздің сенетініңізді, сұрамайтыныңызды білді. Ең бастысы – үнсіз қалатыныңызды білді. Сіз білесіз бе, қазір заң жүзінде кім екеніңізді?

Манадан бері көзін төмен салып тұрған Бақытжан мына сөзге жалт қарады.

– Қылмысты жасырушы... Сыбайлас...

– Қандай қылмысты айтып тұрсыз, тергеуші мырза, түк түсінбедім? Қойдың етін тастағанның қылмысқа қандай қатысы бар? – деді жылдарман боп.

– Сөмкеде ешқандай да қой емес, адамның еті болған. Және де ол сіздің досыңыз Беріктің денесі!

– Ааа? Не дейсіз? Не деп тұрсыз? Мүмкін емес!

– Менің сізбен қалжыңдасып тұратын уақытым жоқ. Одан да, сіз маған Динара мен Беріктің арасын айтыңызшы, екеуі тату тұратын ба еді? Ұрысатын, келісіміз қалатын кездері болмаушы ма еді?

– Ұрысатын, – деді сосын амалсыз. – Соңғы кездері Берік мүлдем өзгеріп кеткен. Динара да...

– Міне! – деді Абылай. Ол манадан дәл осы сөзді күтіп отыр еді.

– Қалай өзгерді?

– Тұйық. Ашулы. Бұрын мейірімді, жұп-жуас болатын. Кейінгі кездері тіпті көздері қанталап, екіннің бірінде келіншегіне қол көтеретін болды. Оны біз қызғаныш қой, ерлі-зайыптылар арасында бола береді ғой деп ұқтық.

– Қызғаныш деңіз? Кімнен, неден?

– Білмеймін, шын айтамын. Ыңғайсыз ғой сұраған...

Абылай дәптеріне белгі қойды. Ауыл ішіндегі өсек енді жай сөз емес, тергеудің тірі материалына айналып бара жатты.

– Демек, – деді Абылай қорытындылап, – Динара сізге «қойдың еті» деп айтып, белгісіз нәрсені түн ішінде тастауға көндірген. Ал сіз ештеңе сұрамадыңыз.

– Сұрағам жоқ, әрине... Досымның әйелі ғой.

– Сонда да сіз жауапкершіліктен қашып құтыла алмайсыз, Бақытжан. Себебі кейде қылмыс – істеген әрекеттен емес, көре тұра көз жұмған сәттен басталады.

Бөлме тағы да үнсіздікке көмілді.

Абылай терезеге қарап тұрып, іштей бір нәрсені анық түсінді: бұл істің тұл-тамыры Динараның қолымен басталғанымен, оның ізі жалғыз емес еді. Күдік енді бір адамға емес, тұтас бір үнсіздікке бағытталған.

Мариям ӘБСАТТАР
ТҮРКІСТАН
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6542 дана
Апталық таралым 13084 дана

Тапсырыс №925 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№916297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31